



Дәнді дақылдардың аурулары

Мақсұт Жадыра
Божикенова Жазира

Бидайдың үнді Карналдық күйесі. Үндістанда, Пәкістанданда,
Түркияда, Ауғанстанда тараған. Қазақстанда жоқ. Бізде
карантинді.





Бидайдың үнді Карналдық күйесі



- Қоздырғышы: *Tilletia indica*
- Гүлдену кезінде залалдайды.
- Масақ толығымен заланданбайды, бірнеше ғана дән шалдығады.
- Қатты залалданса масақшаның қабықшалары ажырап қаракүйе қалташалары топыраққа түседі.
- Жағымсыз балық иісі шығып тұрады.

Бидайдың үнді Карналдық күйесі



- Споралары шар немесе сопақша тәрізді
- Диаметрі 18-40 мкм
- Түсі қоңырлау, қарақошқыл беті торлы.
- Қоздырғыш диффузды дамымайды.
- Инфекция тұқым мен топырақта сақталады.


Бидайдың шырышты немесе сары бактериозы



- Қоздырғышы:
corynobacterium tritici
- Барлық жер үстілік мүшелерінде байқалады.
- Ақшыл, сары жолақтар пайда болып, шырыштанады.
- Сабақтар мен масақтар жуандайды.

Бидайдың шырышты немесе сары бактериозы

- Бактериялар таяқша пішінді, талшықсыз, сұйық ортада қозғалмайды.
- Етті пептон агарында сарғылт немесе түссіз калониялар түзіледі.
- Грамм әдісімен боялады. капсула мен сора түзбейді.
- Инфекция галла нематоданың *anguiina tritici* түрінде сақталып, олар арқылы тарайды.



Жүгерінің оңтүстік гельминтоспориозы




- қоздырғышы: *Dresshlera maydis*
- Жапырақтарда ақшыл сары жолақтар түзіледі.
- Ауру белгілері жапырақ қынабында, сабақ буынаралықтарында, собықтың орамдарында байқауға болады.
- Таралуына ауаның жоғары ылғалдылығы мен температурасы қолайлы.

Күздік бидайдың мозаикасы



- Қоздырғышы: вирус
- Жапырақта ашық жасыл, сары мозаикаланған дақтар мен сызықтар орналасады.
- Шамадан тыс түптеніп масақ түзілмей қурайды.

Күздік бидайдың мозаикасы



- Қоздырғыш өсімдіктерге жолақты немесе алта нүктелі цикадалар арқылы таралады
- Өсімдік шырыны, механикалық жаралар арқылы жұқпайды.
- Ауруға шалдыққан өсімдіктердің дамуы тежеліп, көп жағдайларда жойылады.

❖ Күресу шаралары:

- ❖ Ауыспалы егістікті пайдалану, бір дақылды қайталап екпеу.
- ❖ Төзімді алғы дақылды таңдау, себудің тиімді мерзімдері мен тұқымның себу мөлшерін сақтау.
- ❖ Аңызды өсімдік қалдықтарынан тазарту, төзімді сорттар егу.
- ❖ Тұқымды тазартып жылы ауамен жылыту және дәрілеу.
- ❖ Күздік бидайды жаздық бидайдан алыс қашықтықты орналастыру, тыңайтқыштар енгізу.
- ❖ Танаптарда ерте сүдігер жырту.